

N▷CARE

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



4784656

ЭПИЛЯТОР
N CARE VELVET LEO1

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Пайдалануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны болашақта пайдалану үшін сақтаңыз.


Бұл құрылғы денедегі қажетсіз түкті кетіруге арналған.

КІРІСПЕ

Бұл эпилятордың көмегімен сіз денедегі қажетсіз түктерді оңай және тиімді түрде кетіре аласыз. Сізде екі айналу жылдамдығының біреуін таңдау мүмкіндігі бар. Айналмалы дисктер тіпті ең қысқа түктерді де ұстап, оларды тамырымен жұлады. Бұл құрылғымен эпиляция жасау теріңізді тегіс етеді. Екі бастиек бар, оларды өз қажеттіліктеріңізге қарай өзгерте аласыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ КӨРІНІСІ

1. Эпиляция жасайтын бастиек
2. Алынатын саптама
3. Қосу/өшіру ауыстырып-қосқышы, жылдамдық ауыстырып-қосқышы
4. Зарядтау құрылғысын қосуға арналған ағытпа
5. Істікше
6. Сым
7. Қуат адаптері



ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



- Назар аударыңыз! Құралды құрғақ күйде сақтаңыз.
- Назар аударыңыз! Бұл аспапты судың жанында пайдаланбаңыз.

- Зарядтаудан бұрын адаптерде жазылған кернеудің розеткаңыздағы кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Тұрақты тазалау және ұқыпты ұстау құрылғының қызмет ету мерзімін ұзартады.
- Жарақаттанбау үшін қосұлы эпиляторды шашыңыздың, қастың, кірпіктің, киімнің және т.б. жанында ұстамаңыз.
- Эпиляторды қолдану терінің қызаруы мен тітіркенуін тудыруы мүмкін.

Әдетте бұл құбылыстар тез жоғалады.

- Тек жиынтықта берілетін қуат адаптерін пайдаланыңыз.
- Құрылғыны ешқашан өз бетіңізше өзгертуге тырыспаңыз.
- Егер қандай да бір ақаулық байқасаңыз, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалап отыру керек.
- Бұл аспап олар бақылауда болмаса немесе олардың қауіпсіздігіне жауапты адам аспапты пайдалану туралы нұсқау бермеген болса, физикалық, психикалық немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе олардың тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған.
- Қосымша қауіпсіздік үшін атаулы жұмыс тоғы 30 мА аспайтын электр қуаты тізбегіне қорғаныстық ажырату құрылғысын (ҚАҚ) орнату ұсынылады. Толық ақпаратты орнатумен айналысатын шеберден алуға болады.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Түкті алып тастағыңыз келетін жерлер таза, толығымен құрғақ және оларға крем жағылмаған екеніне көз жеткізіңіз.
2. Егер Сіз жаңа ғана душ немесе ванна қабылдаған болсаңыз, түкті кетіру оңай және ыңғайлы болады. Дегенмен, теріңіздің құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
3. Түкті алып тастағаннан кейін терінің тітіркенуін азайту үшін ылғалдандырушы кремді немесе лосьонды қолданыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЗАРЯДТАУ

Эпилятордың өшірулі екеніне көз жеткізіңіз. Оны қуат адаптерінің көмегімен розеткаға қосыңыз. Эпиляторда зарядтау жүріп жатқанын білдіретін қызыл индикатор жанады. Құрылғыны бір уақытта зарядтап және қолдана алмайсыз, егер құрылғы қосулы болса, зарядтау бірден тоқтайды. Батареяның қызмет мерзімін ұзарту үшін әр қолданғаннан кейін құрылғыны зарядтау ұсынылады.

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

1. Тазаламас бұрын әрдайым құрылғыны өшіріп, оны зарядтаудан ажыратып, суытыңыз.
2. Корпустың сыртқы бөлігін щеткамен (жиынтықта бар) немесе сәл дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
3. Тазалау үшін абразивтер мен механикалық зақымдаулар келтіруі мүмкін басқа заттарды пайдаланбаңыз.
4. Эпилятордың ауыстырылатын бастиегін алып тастамас бұрын, оны өшіріңіз.
5. Бастиекті жоғары қарай тартыңыз.
6. Бастиек пен айналмалы дистерді щеткамен (жиынтықта бар) немесе сәл дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

7. Барлық бөліктер құрғағанша күтіңіз және бастиекті қайтадан кигізіңіз.

НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

- Аккумуляторлар: Ni-Cd, 600 мАсағ (2 дана.)
- Жылдамдықтар саны: 2
- Пинцеттер саны: 32
- Зарядтау уақыты: шамамен 8 сағат
- Аккумулятордың қызмет ету мерзімі: шамамен 30-40 минут

ЖЕТКІЗУ ЖИЙНТЫҒЫ

- Эпилятор
- Саптамалар (2 дана.)
- Тазалауға арналған щетка
- Зарядтау құрылғысы
- Сақтауға арналған тыс
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Кепілдік талоны

МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСУ (ТАСЫМАЛДАУ), САТУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе қосымша бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау және тасымалдау құрғақ үй-жайда, тікелей күн сәулесінің әсерінсіз жүргізілуі тиіс. Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.



• Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны қалған тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Бұл бұйымды кәдеге жарату. Н қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұйымдардың кәдеге жаратылуы қоршаған ортаға және адам денсаулығына қалдықтардың бақыланбайтын шығарылуының нәтижесінде әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Тегін және Сіздің тұрғылықты жеріңізде қызмет көрсету мерзімі аяқталған электрлік және электрондық жабдықты жинау және кәдеге жарату әрекеттерін жүзеге асыру бойынша толық ақпарат алу мақсатында муниципалдық билік органының тиісті басқармасына жүгініңіз.

Назар аударыңыз! Өндірушінің осы өзгерістер туралы қосымша хабарландырусыз өнімді тұрақты жетілдіру салдарынан бұйымның техникалық сипаттамаларына, сыртқы түріне және жиынтықтылығына өзгерістер енгізуге құқығы бар.

Өндіруші елі: Қытай

Дайындаушы: ДВМ Электронике Ко., Лимитед
(DVM Electronics Co., Limited)
Мекенжайы: Нью-Сити орталығы, 2 Лэй Ю Мун Роуд,
517-бөлме, Квун Тонг, Коулун, Гонконг

Өндірілген күні: кепілдік талонын қараңыз